

V сайланған Алматы қаласы мәслихатының III сессиясының "Автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген жерлерге салынатын базалық салық ставкасының кейбір мәселелері туралы" 2012 жылғы 29 ақпандағы № 12 шешіміне толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

VI сайланған Алматы қаласы мәслихатының XXVI сессиясының 2018 жылғы 24 қаңтардағы № 190 шешімі. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2018 жылғы 7 ақпанда № 1450 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2022 жылғы 12 қыркүйектегі № 155 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 12.09.2022 № 155 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) кодексінің 505 бабына және 509 бабының 3 тармағына сәйкес, IV сайланған Алматы қаласының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. V сайланған Алматы қаласы мәслихатының III сессиясының 2012 жылғы 29 ақпандағы № 12 "Автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген жерлерге салынатын базалық салық ставкасының кейбір мәселелері туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 930 болып тіркелген, 2012 жылғы 12 сәуірде "Алматы ақшамы" және 2012 жылғы 14 сәуірде "Вечерний Алматы" газеттерінде жарияланған) келесі толықтыру енгізілсін:

1 қосымшада:

Алматы қаласындағы автотұрақтардың (паркингтердің) санатына, келесі мазмұндағы 5-1 реттік санымен толықтырылсын:

	Мыналармен жабдықталған жеке және заңды тұлғаларға, жеке кәсіпкерлерге тиесілі автотұрақтар (алаң түріндегі): - энергиямен жабдықтауды жоғалтумен байланысты төтенше жағдайларда шлагбаумдарды			
--	---	--	--	--

5-1	<p>апат жағдайында ашу мүмкіндігі бар жабық тұрақтарға арналған тұрақ жабдығымен;</p> <p>- операторда тұрақтар мен тұрақ жабдыктарының жағдайын бақылау және басқару орталығымен кемінде 3 желісі бар техникалық қолдау орталығының бірегей телефон нөмірінің болуы;</p> <p>- тұраққа кіретін және шығатын автокөлік құралдарының мемлекеттік нөмірлерін бейне бақылау жүйесімен, оларды автоматты түрде тану, ақпаратты ішкі істер органдарының процессингтік орталығына қорғалған арна бойынша орталықтандырылған биллингтік жүйесіне беру мүмкіндігімен;</p> <p>- Қазақстан Республикасының қазыналық органдары мен орталық биллингтік жүйесіне онлайн режимінде тұрақ транзакцияларын беру жүйесімен</p>	Бекітілген тариф бойынша ақылы негізде жеке және заңды тұлғаларға, жеке кәсіпкер-лерге тиесілі автокөлік құралдарын қысқа мерзімге қою	Автотұрақтарды (паркингтерді) пайдалану және оларға қызмет көрсету үшін	II санат
-----	--	--	---	----------

2. Алматы қаласы Мәслихатының аппараты осы шешімді әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді, оны кейіннен ресми мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде және ресми интернет-ресурста жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы мәслихатының құрылыс және жер қатынастары жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы

М.Ә. Әділхановқа және Алматы қаласы әкімінің орынбасары М.А. Дәрібаевқа жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*VI сайланған
Алматы қаласы мәслихаты
XXVI сессиясының төрағасы*

А. Гарбер

*VI сайланған
Алматы қаласы
мәслихатының хатшысы*

Қ. Қазанбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК